

Шымкент қаласы білім
бөлімінің балабақшасы
«Лилия» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Товарищество с органической
ответственностью Ясли-сад
«Лилия» отдела образования
города Шымкент

Бұйрық №247-1

«Педагогикалық әдеп жөніндегі
кеңес құрамын құру туралы»

04.09.2023ж


Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жыл 11
мамырдағы №190 бұйрығына сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1. ЖШС «Лилия» бөбекжай-балабақшасы әдеп жөніндегі кеңес мүшелері
төмендегі құрам бойынша құрылсын.

- 1) «Педагогикалық әдеп» кеңесінің төрағасы – Л.И.Яворская;
- 2) ЖШС «Лилия» бөбекжай-бақшасының ардагер ұстаз- Л.В.Шишкина
- 3) ЖШС «Лилия» бөбекжай-балабақшасы әдіскері- У.О.Ахметова;
- 4) ЖШС «Лилия» бөбекжай-балабақшасы тәрбиешісі – Л.Л.Хоменко;
- 5) ЖШС «Лилия» бөбекжай-балабақшасы тәрбиешісі – О.В.Рыбникова
- 6) «Өрлеу» БАҰО АҚ аға оқытушысы –С. Жолшыбекова
- 7) Хатшы – Ж.Колхоз

2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Менгеруші:  Л.И.Яворская

Бұйрықпен таныстым.

Бұйрықпен таныстым.




Бұйрықпен таныстым.

Бұйрықпен таныстым.

Бұйрықпен таныстым.

Бұйрықпен таныстым.

Бұйрықпен таныстым.

 Л.И. Яворская
 Л.В. Шишкина
 У.О. Ахметова
 Л.Л. Хоменко
 О.В. Рыбникова
 С. Жолшыбекова
 Ж. Колхоз

«Бекітемін»

ЖШС «Лилия» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі:

Л.И.Яворская

**ЖШС «Лилия» бөбекжай-бақшасының педагогикалық әдеп кеңесінің
2023–2024 оқу жылындағы жұмыс жоспары**

№	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысында қаралатын мәселелер: 1. Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын бекіту 2. №190 бұйрық және педагогикалық әдеп кодексімен таныстыру 3. Баламен қарым-қатынас әдебі және қызметтік міндет 4. Педагогтің сыртқы келбеті	Қыркүйек 2023	Хаттама
2	№2 отырыста қаралатын мәселелер: 1. Әріптестер мен өзара сыйластық мәдениеті; 2. Педагогтың сөйлеу әдебі және дауыс ырғағы; 3. Бақша ішіндегі шағымдарды қарастыру 4. Қоғамдық ортадағы мұғалім бейнесі.	Қаңтар 2024	Хаттама
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы: 1. Ата-анамен қарым-қатынас әдебі. 2. Шағым, ұсыныс, түсіндіру мәдениеті 3. Педагог имиджі 4. Балаларға бағытталған зорлық-зомбылықтың алдын алу	Мамыр 2024	Хаттама

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №1 хаттамасы

Катысканлар: 7

4.09. 2023жыл

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын бекіту.
2. №190 бұйрық және педагогикалық әдеп кодексімен таныстыру.
3. Педагогикалық шеберліктің мазмұны мен маңызы, қалыптасу жолдары
4. Педагогтің сыртқы келбеті.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің торағасы Л.И.Яворская сөз алды: «Бүгінгі отырысымызда педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын бекіту мәселесі қарастырылады. Әдеп кеңесі- білім беру ұйымдарында педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, ұжымда әділдік пен сыйластықты қалыптастыруға бағытталған алқалы орган болып табылады. Кеңес құрамы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» заңдарына сәйкес, сондай-ақ №190 бұйрық негізінде бекітіледі. Әдеп кеңесінің мүшелері ұйымның әділ, әрі ашық жұмыс жасауына, педагогтердің құқығын қорғауға, ұжымдық мәселелерді мәдениетпен шешуге ықпал етеді. Кеңес құрамына басқарушы орган өкілдері, тәжірибелі педагогтер және қоғамда беделі бар қызметкерлер енгізіледі. Бұл құрам педагогикалық әдеп нормаларын сақтауға, бақылау жасауға, ұсыныс беруге және туындаған мәселелерді дер кезінде қарастыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық әдептің негізгі қағидалары мыналар: адалдық, әділдік, жеке тұлғаның абыройын және қадыр қасиетін қадірлеу, патриотизм, т.б. Осылайша бүгінгі күн тәртібіндегі негізгі міндет- педагогикалық әдеп кеңесінің құрамын бекітіп, алдағы оқу жылында жүйелі жұмыс жүргізу үшін нақты бағыт айқындау болып табылады», -деп сөзін аяқтады.
2. **Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі У.О.Ахметова** сөз алды.
 - Бүгінгі отырыстың маңызды бағыттарының бірі-педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын реттейтін №190 бұйрық және педагогикалық әдеп кодексінің негізгі талаптарымен таныстыру. Бұл құжаттар педагогтің қызметтік міндетін орындауға, мінез-құлқын, қарым-қатынас мәдениетін және қоғам алдындағы жауапкершілігін айқындайды. №190 бұйрық педагогтің әдебі мен жүріс-тұрысына қойылатын негізгі талаптарды белгілейді. Педагогикалық әдеп қағидаларының негізгі бағыттары:
 - Адалдық пен жауапкершілік: Мұғалім өз кәсібіне адал болады, берген уәдесін орындайды, жұмысын сапалы істейді.

- Сыйластық пен әділдік: Оқушылармен, ата-аналармен және әріптестермен сыпайы, әділ және құрметпен қарым-қатынас жасайды.
- Кәсіби даму: Өз білімін үнемі көтереді, жаңа әдістерді үйренеді, озық тәжірибені қолданады.
- Ар-намыс пен бедел: Қоғамда ұстаздық этикаға қайшы келетін әрекеттерден аулақ болады, өз беделін түсірмейді.
- Құпиялылық: Оқушылар мен олардың отбасы туралы жеке сипаттағы мәліметтерді жария етпейді,- деп, әр қайсысына тоқталып, түсіндіріп өтті.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі, ардагер ұстаз Н.Л.В.Шишкина сөз алды: «Тәрбие өнері – ең көне және күрделі өнердің бірі. Бірақ бұл таңқаларлық қарапайым емес, оқушыны сол қалпында қабылдау және сүйуден басталады. Тәжірибелі мұғалімсіз адамның рухани әлемін елестету мүмкін емес, ол оқушыға әсер ету қабілетін жетік меңгеріп, оның қажеттіліктері мен сенімдерін, қабілеттері мен практикалық дағдыларын қалыптастыруы керектігін айтты. Педагогикалық шеберлік – бұл оқу-тәрбие іс-әрекетінің барлық түрлерін оңтайландыратын, оларды жеке тұлғаны жан-жақты дамыту мен жетілдіруге, оның дүниетанымдық қабілеттерін қалыптастыруға, әлеуметтік маңызды іс-әрекетке деген қажеттілікке бағыттайтын кәсіби шеберлік. , - деп толық баяндап өтті. Ұстаздық шеберлік ол мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық нанымды, моральді бойына сіңірген адам екендігі, пәнді жетік білген, ойын толық жеткізетін және балалардың бойында әдеп, әдет , дағды сияқты моральдік нормаларды сіңіре білгендігі, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін меңгерген, білгенін қызықты да, тартымды өткізе білетін педагогикалық әдебі мен талантын ұштастырған адам ғана шеберлікке ие болады», - деп педагогикалық шеберлік компоненттері мен оларға сипаттама беріп, педагогикалық қатынас туралы айтып өтті.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша сөз кезегін тәрбиеші Л.В.Хоменко алып, Бүгін біз қазіргі заман мұғалімінің киіну мәдениеті мен келбеті туралы айтпақпыз. Ұстаздың ең алдымен түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Сонымен қатар ақ сары, қошқыл көк, қоңыр түстерді де қолдануға болады. Өте ашық түстер аталған салада ерсі көрінеді. Егер де киімде өрнектер болса, олар классикалық киім үлгісіне сай болуы тиіс. Мысалы, торкөздер немесе түзу сызықтар. Киімдегі жазулар, көз тартатын шимай-шатпақ өрнектерден бас тартуға тура келеді. Мұғалімнің өзіне сенімді, білімді, тәжірибелі екені қоғамда өзін ұстау әдебінен, өзгелермен сыпайы сөйлесе білуінен көрініп тұрғаны жөн. Сонымен қатар бұл бейнеңізді сәнді көзілдірік, сағатпен, талғаммен таңдалған сөмкемен толықтыра түссеңіз – нұр үстіне нұр. Мұғалімнің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс. Психологтардың пайымдауынша, өз келбетінің артықшылығын толықтырып, кемшілігін жасыра білетін адамдарды айналасындағылар жоғары жетістікке

жеткен, өзіне сенімді тұлға ретінде қабылдайды. Мұғалім мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан-дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейдеңіздің сәнін кетіреді.

Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап дұрыс бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді», - деп сөзін аяқтады.

Кеңес шешімі:

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамы бекітілсін;
2. №190 бұйрық және педагогикалық әдеп кодексімен таныстырылсын, жұмыстар жүргізілсін;
3. Педагогикалық шеберліктің мазмұны мен маңызы, қалыптасу жолдары таныстырылып, жұмыстар жасалынсын;
4. Педагогтің сыртқы келбетіне мән беріліп, бақылау жұмыстары жүргізілсін.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



Л.И.Яворская

Ж.Колхоз

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №2 хаттамасы

Катысқанлар: 7

12.01.2024ж

Күн тәртібінде |

1. Қоғамдағы мұғалім мәртебесі.
2. Педагогтың сөйлеу мәдениеті мен техникасы;
3. Бақша ішіндегі шағымдарды қарастыру

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы: Л.И.Яворская сөз алды: «Педагог – жас ұрпақтың рухани дүниесінің мүсіншісі, ол – өзінің ең қымбаттысы, ең құндысы саналатын балаларға өзінің үмітін артып, болашағын сеніп тапсыратын қоғамның сенімді өкілі», - деп сөзін бастады. «Осы аса ізгі және өте қиын кәсіп педагогтан өз өмірін оқу – тәрбие ісіне арналған шығармашылықты талап етеді. Қоғамдағы педагогтің сыртқы келбет мәдениеті, өзін – өзі басқару шеберлігі, педагогтің моральдық қасиеттеріне қойылатын талаптар оқу-тәрбие жұмысының табиғатына қарай күн сайын жаңарып, жаңа сипатқа ие болуда. Мұның өзі қоғамның үздіксіз дамуынан, ғылым мен техниканың өркендеуінен туындап отыр. Педагогке қарапайымдылық, ұқыптылық, жинақтылық тән болуы тиіс. Киім киісі, шаш үлгісі сәнді болып келгені абзал. Педагогтің әлеуметтік беделін көтеруді оның сабырлығы, сергектілігі, мейірімділігі мен кішіпейілділігі де зор рөл атқарады. Білімді педагогтің сөйлеу техникасы мен адамды түсіне білуі, басқа адамды елітіп әкетуі басым болады. Мектепке дейінгі тәрбие – үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Ол баланың жеке жас ерекшелігін ескере отырып дамытатын орталық деп атап көрсеткендей мектеп жасына дейінгі балаларды оқыта отырып, тәрбиелеу мектепке дейінгі педагогтардан үлкен жауапкершілікті жүктейтіні сөзсіз. Балабақшада бала тәрбиесі мен оқытуда тәрбиешінің, педагогтің рөлі жайында, қоғамда ұстаздың мәртебесі туралы түсінік беріп, ұстаз өз мамандығын шын сүюі керек екенін, балалармен жұмыс жасауды ұнататын, өзі де ізденуден шаршамайтын адам ғана білікті ұстаз атана алатынын айтып, «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» демекші ұстаздық жолды таңдаған әрбір адам балаға білгенін үйретуден шаршамауы керек», - деп баяндамасын қорытындылады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Педагогтың сөйлеу мәдениеті мен техникасы» тақырыбы бойынша кеңес мүшесі аға оқытушы С.Жолшыбекова сөз алды: «Педагогикалық мәдениет – тұлғаның дамуы мен педагогтің кәсіби дайындығының педагогикалық іс-әрекеттің ерекшелігіне сәйкес келуінің ең жоғары деңгейі. Бұл педагогикалық іс-әрекетті оның әлеуметтік, адамгершілік, нақты педагогикалық, ғылыми және арнайы өлшемдерінің жоғары

деңгейінде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеке педагогикалық кәсібилік. Педагогикалық жұмыс мамандық емес, өмірлік мамандық деп дұрыс айтады. Мұндай еңбегі жеке қажеттілікке айналған адам ғана шынайы мәдени және кәсіби, оның қанағаттануы жоғары қуаныш әкеледі, ал жетістіктер – қанағаттану сезімімен байланысты. Педагогикалық мәдениеттің көрсеткіштерін игеруге және іске асыруға деген ұмтылыс әр мұғалімге тән болуы керек, өйткені олай болмаған жағдайда ол өз оқушыларына білім мен тәрбие бере алмайды, тек кәсіби ғана емес, сонымен бірге адам міндетін де орындамайды. Педагогикалық мәдениеттің көптеген анықтамалары бар, бірақ негізінен олар тек бір нұсқаның әртүрлі нұсқалары.

Мұғалімнің сөйлеу тілінің негіздері – ауызша сөйлеу мен жазбаша тіл. Сонымен қатар дауыс ырғағы, үні, дауыс күші, интонация, сөздердің дұрыс байланысып, сөйлемнің дұрыс құрастырылуы, анық естілуі, дұрыс сөйлеу, тіл тазалығы, сөз дәлдігі, сөз әсерлігі, ой тиянақтылығы жатады. Бұлардың қатарына мұғалімнің дикциясын, яғни дұрыс дыбыстап айтуын да жатқызамыз. Мұның барлығы да сөйлеу тілінің негізгі элементтері әрі сабақтың сапасын арттырушы қасиеттері болып табылады, - деп мұғалім дикциясы, интонациясы, сөйлегенде асықпай, саспай, өз ойын дұрыс жеткізе білу қасиеттеріне жеке жеке тоқталып өтті.

3.Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Бақша ішіндегі шағымдарды қарастыру» бойынша сөз кезегін Кеңес төрағасы Л.И.Яворская алды.

-Маған тәрбиешілер тарапынан мынадай ұсыныстар келіп түсті. Біздің бақшамызда ҰІӨ сағат 9.15 басталады. Осы уақытқа дейін балалар таңғы астарын ішіп, кесте бойынша өтетін сабақтарына дайын болады. Ал кейбір ата-аналар балаларын 9.20-9.30 бақшаға алып келеді де «Ұйықтап қалдық» баламға таңғы асты беріңізші, немесе бала топқа кіргенде жылай бастайды да, мұғалімнің сабағын бөліп жібереді. Сондықтан тәрбиешілердің ұсынысы «Ата – аналар жиналысын өткізіп, 9.15 кіре беріс есік жабылатынын және кешігіп келген балаларды бақшаға кіргізілмейтінін ескерту. Егер бір себепті жағдай болған жағдайда тәрбиешіні ескерту керек» деген ұсыныс түсті. Бұл ұсынысты қабылдап, алдағы уақытта ата-аналар жиналысын өткізіп, ескертеміз. Одан басқа шағымдар немесе ұсынымдар бізге келіп түскен жоқ.

Ал, бүгінгі жиналыста қозғалған әрбір тақырыпқа зейін қойып тыңдасан, қандай керемет нәрселер айтылды. Осы айтылған педагогтың сөйлеу мәдениеті мен техникасын әрбір педагог ұстанатын болса, жұмыстарында үлкен өзгерістер болатынын және балалар, ата-аналар тарапынан үлкен сый құрметке бөленетіні анық, - деп жиналысты қорытындылады.

Кеңес шешімі:

1. Қоғамдағы мұғалім мәртебесі жайында барлық қызметкерлерге түсіндірме жұмыстары жүргізілсін;

2.Барлық Педагогтар сөйлеу мәдениеті мен техниканы ұстанып, жұмыстар жасасын;

3. Тәрбиешілер тарапынан түскен ұсыныстар қабылдансын, жұмыстар жасалсын.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



Л.И.Яворская

Ж.Колхоз

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС
ОТЫРЫСЫНЫҢ
№3 хаттамасы**

Катысканлар: 7

06.05.2024ж

Күн тәртібінде

1. Заманауи мұғалімнің сырт келбетінің ерекшелігі
2. Педагогикалық әдіптілік – педагогикалық қарым-қатынастың негізгі элементі
3. Ұстаз мәртебесі туралы

Тындалды:

1. **Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Заманауи мұғалімнің сырт келбетінің ерекшелігі» бойынша кеңес төрағасы Л.И.Яворская сөз алды.**

-Педагогтің сыртқы келбеті — оның мәдениетінің, кәсібилігінің және үлгілі тұлға екенінің маңызды көрсеткіші. Ұқыпты, классикалық стильде киіну, сабырлы мінез бен тазалық оқушылардың ұстазға деген сенімін арттырады. Енді сіздерге жеке жеке киім стилі, жеке гигиена мен ұқыптылық жайында, мәдениет пен мимика жайында айтып өткім келіп тұр,- деп сөзін жалғастырды.

Ұстаздың киім стилі:

- Классикалық және іскерлік үлгіде болуы шарт.
- Шамадан тыс ашық немесе жарқыраған киімдер кимеу.
- Киімнің таза, үтіктелген және өлшеміне сәйкес келуі.
- Түстердің үйлесімділігі (қара, көк, сұр, ақ түстерді қолдану).

Жеке гигиена және ұқыптылық

- Шаштың жинақы болуы (ұзын шашты түйіп немесе өріп қою).
- Тырнақтың таза әрі қысқа болуы.
- Өтір немесе әсемдік иіссуларын шамадан тыс қолданбау.
- Аяқ киімнің тазалығы мен ыңғайлылығы.

Мәдениет және мимика

- Жылы шырайлы жүз және сабырлы қалып.
 - Дауыс ырғағының анық, қалыпты шығуы.
 - Орынды қимыл-қозғалыс пен сыпайы қарым-қатынас, - деп толық түсіндіріп өтті. Баяндама соңында: «Педагог бейнесі балалар есінде ең әсерлі сәттермен сақталып қалады. Әлемдік өркениеттің стандарттарын ұсынатын американдық психологтардың айтуынша керемет табыс фенонимі адамның сыртқы келбеті оның мансабымен тікелей байланысты», - деп баяндамасын толық баяндап өтті.
2. **Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Педагогикалық әдіптілік – педагогикалық қарым-қатынастың негізгі элементі» тақырыбы бойынша кеңес мүшесі, әдіскер У.О.Ахметова сөз алды.**

- Педагогикалық әдептілік – бұл мұғалімнің педагогикалық ұжымда, оқушылармен және олардың ата-аналарымен абыройлы және ұстамды болу қабілеті. Сонымен қатар балаларға жан-жақты әсер ету, олармен ортақ тіл табысып, бір көзқараста бола отырып, оңтайлы тәрбиелік қатынастар құру мүмкіндігі. Педагогикалық әдептіліктің белгілері мен элементтері бар. Педагогикалық әдептіліктің басты белгісі – бұл мұғалімнің жеке басының адамгершілік мәдениеті, қарым-қатынас процесінде мұғалім мен балалардың арасындағы қарым-қатынасты тымді жүзеге асыру. Әдептілік – педагогикалық процестің моральдық реттеушілеріне жатады және мұғалімнің моральдық-психологиялық қасиеттеріне негізделеді.

Педагогикалық әдептіліктің негізгі элементтері:

- тәрбиеленушіге талап қою және сыйластық;
- білім алушыны көре және ести білу, оған жанашырлық таныту;
- іскерлік қарым-қатынас;
- мұғалімнің ұқыптылығы, сезімталдығы;
- кәсіби әдептілік, өзін көрсетуі;
- педагогтың сыртқы келбеті;
- қалыптасқан жағдайды тез және дұрыс бағалау;
- оқушылардың мінез-құлқы мен қабілеттерін дұрыс бағалау;
- өз сезімдерін тежеу және қиын жағдайда өзін-өзі ұстау қабілеті;
- білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін жақсы біліп, өз еңбегін өзін-өзі сыни бағалай білуімен сипатталады.

• Әдепті педагог жұмысқа, іскерлік кездесулерге уақытында келіп, әріптестерімен, білім алушылармен, олардың ата-аналарымен тығыз қарым-қатынаста болады. Педагогикалық әдептілік педагогикалық ықпал ету әдістерін, формаларын меңгеруден көрінеді. Педагогикалық әдептіліктегі негізі такт – төзімділік пен байсалдылық. Мұғалім ретінде шығармашылық ұжымның жетекшісінің басты ерекшелігі – жоғары талап қою және тәрбиеленушілерге шынайы құрмет көрсету. Баяндама соңында «К.Д.Ушинский «Педагогика теориясын қаншама жетік білгенімен, педагогикалық әдептің қыр-сырын толық меңгермегенше, бұған оның қолы жетпейді», -деп баяндамасын аяқтады.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Ұстаз мәртебесі» бойынша сөз кезегін Кеңес мүшесі «Өрлеу» БАҰО АҚ аға оқытушысы С.Жолшыбекова сөз алды.

- Ұстаз... Ол кім?.. Ол қандай адам?.. Осынау сөздің астарында үлкен сыр жатыр. Дегенмен, кез-келген адам ұстаз бола алмайды. Ол үшін үлкен мейірімділік пен жүректілік керек. Әрине, бұл – әрбір баланы жеке тұлға етіп шығару, қиынның қиыны. Себебі әр адам – қайталанбас тұлға. Оның жан дүниесі – өзінше бір әлем. Ал ұстаз сол әлемді шар - тарапқа жетелеуші. Ұстаз – бала болмысына өзгеріс енгізуші, бағыт-бағдар беруші, ата-ананың сенімді көмекшісі. Ұстаз деген сөзді, ұстаз деген мамандықты мен ең қасиетті құндылық деп есептеймін. Себебі, ұстаздың алдына келмейтін адам болмайды. Әр бала үшін ұстаз оның екінші анасы, әкесі, досы. Неге? Себебі, баланың кішкентай жүрегі осы

ұстаздан жылулықты, қамқорлықты сезіп, қамқоршы ретінде қабылдап, әрі өзінің жақын досындай санап, емін-еркін ішкі жан-дүниесімен сырласа алады.

Ұстазға тән ең бірінші қасиет – баланы құрметтеу. Оның адамшылық ар – ожданы, намысы, тұлғасын жасына қарамай сыйлау, құрмет тұту. Бұл ұстаздың терең дүниетанымы мен үлкен жүрегінен келіп шығады. Әр баланы жас ерекшелігі, мінез-құлқы, өскен ортасына қарай танып, азамат қылып қалыптастыру, оны әрі қарай дамыту – әр ұстаздың міндеті. Ұстаз қандай болу керек? – деген сұрақтың жауабын дана, данышпан Абай атамыздың шығармаларынан табамыз. Ол «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» иесі.

Ұстаздың басты мақсаты – шәкірттерін өмір сүруге және адам болуға баулу. Өлемдік білім беру жүйесі де жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Бұл ұстаным Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында жан – жақты сипатталған: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу». Сондықтан бүгінгі ұстаз оқушыларға белсенді әрекеттер жасауға жағдай жасауы керек, ол: ойлау, оқу, сөйлеу, талқылау, жазу, пікірлесу, пікір таластыру. Осы қасиеттің бәрі ұстаз бойынан табылу керек, - деп толық айтып өтті.

Кеңес шешімі:

1. «Заманауи мұғалімнің сырт келбетін» баяндамасы қабылданып, педагогтардың сырт келбетіне көп мән берілсін;
2. Кеңес мүшелері педагогикалық әдепті сақтау бойынша бақылау және әдістемелік көмек жұмыстарын жүйелі түрде жүргізсін
3. «Ұстаз мәртебесі» баяндамасы есепке алынып, ұжымға түсіндірілсін;

Кеңес төрағасы:

Л.И.Яворская

Хатшы:

Ж.Колхоз